

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
2018-2025 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Алматы қ., 2018 ж.

МАЗМҰНЫ

1-ші бөлім ТҰТЫНУШЫҒА АРНАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ.....	11
1.1-мақсат Жаңа ТАҚ-ты 100%-ға түсініп, қабылдауға қол жеткізу	11
1.2-мақсат Ертеңгі күннің біліктіліктерін белгілеу және жыл сайын оларды өзекті қылып отыру	12
1.3-мақсат Өзекті біліктілікке сәйкес келетін білім беру бағдарламаларының болуы	13
1.4-мақсат Белсенді азаматтық ұстанымы мен патриоттық және рухани-адамгершілік қасиеттеріне ие болатын ХХІ ғасыр көшбасшысының жеке тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз ету.....	13
1.5-мақсат ХХІ ғасыр мұғалімінің өзекті етілген бейнесін алу.....	14
1.6-мақсат ТАҚ сәйкес келетін корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.....	15
2-ші бөлім НЕГІЗГІ БІЛІКТІЛІК	16
2.1-мақсат Абай атындағы ҚазҰПУ Негізгі біліктілігін қалыптастыру.....	16
2.2-мақсат Абай атындағы ҚазҰПУ бітірушісінің келешегі бар біліктілігін анықтай білу	17
2.3-мақсат. ТМД-да педагогикалық зерттеулер саласында көшбасшы болу	18
3-ші бөлім НАРЫҚ ПЕН САЛАҒА БОЛЖАМ ЖАСАУ	19
3.1-мақсат. Әлемдік нарықта педагогикалық білім беру саласындағы беталыстар туралы жыл сайынғы баяндама дайындау	20
3.2-мақсат Тұтынушылар артықшылықтарының өзгерістері бойынша жыл сайынғы болжам.....	21
3.3-мақсат. Бәсекелес бағдарлардың өзгерістері бойынша жыл сайынғы болжам (бәсекелес университеттердің ЖОЖ, әдістемелері, стратегиялары)	22
4-ші бөлім СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР	23
4.1-мақсат Ең маңызды сандық және сапалық сипаттамалары бар «Педагогикалық білім беру көшбасшысы» жөнінде нақты түсінік қалыптастыру	23
4.2-мақсат Барлық қызметкерлер мен ПОҚ-тың Стратегиялық бағдарды білуін қамтамасыз ету.....	24
4.3-мақсат Стратегиялық бақылау механизмін әзірлеу және енгізу	24
4.4-мақсат Ресурстардың төрт түрі бойынша алшақтықты жоюды көздейтін «Ресурстық стратегияны» әзірлеу	25
5-ші бөлім БЕЙІНДІ КӨШБАСШЫЛЫҚ	26

5.1-мақсат Бейінді көшбасшылықтың (БК) жаңа принциптері мен механизмдерін енгізу.....	26
5.2-мақсат БК-нің қызметкерлер мен ПОҚ жұмысының нәтижелерін бағалау саласындағы жаңа принциптері мен механизмдерін енгізу	27
5.3-мақсат БК-нің еңбекақы төлеу саласындағы жаңа принциптері мен механизмдерін енгізу	28
5.4-мақсат БК-нің дауларды шешу саласындағы жаңа принциптері мен механизмдерін енгізу.....	29
6-ші бөлім КӨЛДЕНЕҢ ЦИКЛДЫҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ.....	30
6.1-мақсат Сорбонна-Қазақстан институты (СҚИ) үшін Көлденең циклдық ұйымдық құрылымды әзірлеу.....	30
6.2-мақсат «Сорбонна – Қазақстан» институтындағы пилоттық жобаның нәтижелері бойынша жаңа Көлденең циклдық ұйымдық құрылымды енгізу қажеттілігін анықтау	31
6.3-мақсат ПОҚ инновациялық басқару модельдерін жүйелі және тұрақты түрде әзірлеуге жұмылдыру	32
7-ші бөлім БИЗНЕСТІҢ РЕСУРСТЫҚ ТЕТІКТЕРІ МЕН ЭКОЖҮЙЕСІ.....	33
7.1-мақсат Университеттің әкімшілік қызметкерлерінің жоғары кәсіпқойлығын қамтамасыз ету	33
7.2-мақсат ТМД-дағы педагогикалық университеттер арасында ең үздік ПОҚ құрамын қамтамасыз ету.....	34
7.3-мақсат Білім беру нарығы мен саласына жүргізілетін мониторингтің тиімді технологиясын әзірлеу және енгізу	34
7.4-мақсат Білім алушыларды қабылдаудың тиімді технологиясын әзірлеу және енгізу	35
7.5-мақсат Магистратураға тұрақты қабылдауды қамтамасыз ету	35
7.6-мақсат Докторантураға тұрақты қабылдауды қамтамасыз ету	36
7.7-мақсат Цифрлық университетке айналу.....	36
7.8-мақсат Университеттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету	37
7.9-мақсат Абитуриентті педагогқа айналдыру бойынша тиімді технологияны иелену («Қара жәшік» технологиясы)	37
7.10-мақсат Заманауи кампуста жайлы инфрақұрылымды құру	38
7.12-мақсат Университетті рухы мен құрамы бойынша интернационалды ету.....	39
8-ші бөлім КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ	41
8.1-мақсат Мәдениетті (5 құндылықтың әрқайсысын) түсінуді қамтамасыз ету.....	41
8.2-мақсат «Мәдени өзгеру жоспарын» әзірлеу және іске асыру	42
ҚЫСҚАРТУЛАР:	43

ГЛОССАРИЙ

Глоссарий осы Стратегиялық жоспарда қолданылатын ұғымдардың және осындай ұғымдарға арналған қысқартуларды қамтиды.

1. **Стратегиялық жоспар** – стратегиялық ұйымдастырушылық даму жоспары.
2. **Сала** – осы нарықта жұмыс істейтін бәсекелестер жиыны.
3. **Тұрақты ұйымдастырушылық даму моделі** – ұйымды жаңадан ұйымдастыруға, оны тиімді, өзінің стратегиялық мақсаттарына жете алатындай етуге мүмкіндік беретін бизнесті өзгерту әдіснамасының негізі.
4. **Тұтынушыға арналған құндылық** (ТАҚ) – бұл ұйымның айналысатын қызметі, оның мақсатты пайдаланушылары және олардың алатын құндылығы.
5. **Негізгі біліктілік** – бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ететін басқа ешкім істемейтін жұмысты істеу қабілеті (немесе осындай жұмысты басқалардан жақсы істей білу).
6. **Нарық пен сала бойынша болжам жасау** – бұл ақылдылар сарабы, оның мақсаты – нарық пен саланың болашағын елестету, болжау. Осыған қарай ертеңгі күн талаптарына ұйымның қаншалықты дайын болатыны және тіпті оның болашақтағы қызметі анықталады.
7. **Стратегиялық бағдар** – бұл ұйым жоспарланатын кезеңнің соңында қандай болғысы келетіні және саладағы қандай орын алғысы келетіні жөніндегі жалпы мәлімдеме. Бұл – бүкіл ұйымға қуат бере алатын арман.
8. **Бейімді көшбасшылық** – келесі үш икемділікке негізделген көшбасшылықтың жаңа түрі:
 - мәні бойынша сұрақ қою;
 - әріптестерін процеске толығымен еліктіру;
 - әртүрлі дереккөздерден алынған идеяларды пайдалану.Ерекше дарынды көшбасшы мақсатты белгілеп, ұжымды жұмылдыратын көшбасшылық жөніндегі дәстүрлі ұғымға қарағанда, бейімді көшбасшылық *барлық* қызметкерлердің зияткерлік және эмоциялық қуатына негізделеді.
9. **Көлденең циклдық ұйымдық құрылым** – компанияны ұйымдастырудың жаңа тәсілі, оған қарап, компанияның қалай ұйымдастырылғанын анық көруге болады (ұйымдық құрылымның дәстүрлі құрылымында кім кімге бағынатыны ғана көрінеді), нақты алғанда:
 - Ұйымның бөлімшелері қатысатын пайдаланушыға арналған құндылықты құру тізбегі;
 - Әр құрылымдық бөлімше жұмысының соңғы нәтижесі;
 - Әр ҚБ негізгі біліктілігі;
 - ҚБ маңызды жұмыстары;
 - ҚБ мен орталық басқару аппаратының өзара қарым-қатынастарындағы дұрыс басымдылықтар.
10. **Бизнестің ресурстық тетіктері мен экожүйесі**. *Ресурстық тетік* – бұл аз шығын шығарып (аз күш салып), яғни қаржы, уақыт немесе басқа ресурстар бойынша барынша төмен шығыстармен көбірек нәтижеге қол жеткізу. *Бизнес экожүйесі* – бұл бірлесіп әрекет ететін тараптар мен олардың тұтынушыларына өзара тиімді пайда әкелетін сыртқы серіктестермен құрылатын бизнес қарым-қатынастар жиыны.
11. **Корпоративтік мәдениет** – ұйым ұжымы мүшелерінің көпшілігі мақұлдайтын құндылықтар жиыны.
12. **Инновациялар** – прогреске жетелейтін және ғылыми-білім беру процесін ұлғайтатын жаңалықтар.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Осы Стратегиялық жоспар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұдан кейін мәтін бойынша – Университет) үшін 2018-2025 жылдарға арнап әзірленген. Оның негізіне басшыларының нарық пен сала және оларды болашақта ықтимал дамыту жолдары жөніндегі пікірлері алынған.

Әдіснама

Стратегиялық жоспарлау процесі Бизнесі өзгертудің бірегей моделі бойынша (авторы – О.Н. Байсеркеев) құрылған, осы модельге сәйкес келесі қадамдар жасалды:

1. *Тұтынушыға арналған құндылық* тұжырымдалды;
2. *Негізгі біліктілік* белгіленді;
3. *Саланың даму болжамы* жасалды, оның нәтижесінде ақылдылар сарабы арқылы сала болашағының бейнесі алынды;
4. *Стратегиялық бағдар* белгіленді;
5. *Бейімді көшбасшылық* принциптері мен оны ұйымда іске асыру механизмдері әзірленді;
6. *Көлденең циклдық ұйымдық құрылым* әзірленді;
7. *Бизнесің ресурстық тетіктері мен экожүйесі* белгіленді;
8. Ұйымның *Корпоративтік мәдениетін* құрайтын оның негізгі құндылықтары белгіленді;
9. 7 жылдық Стратегиялық жоспар түрінде *Мақсаттар мен міндеттер қойылды* (талдау жұмысы нәтижелері бойынша); Бизнесі өзгерту моделін құрайтын әрбір драйвер бойынша жауапты тұлғаның лауазымы мен орындау мерзімдері көрсетіліп, мақсаттар қойылды; Міндеттер мақсаттарға жету үшін жауапты тұлғаларға тапсырылды.

Университеттің диагностикасы

Ұйымдық диагностика екі зерттеу түрінде жүргізілді:

1. «Өсу аурулары» зерттеуі;
2. «Стратегиялық әлеует» зерттеуі.

Диагностика нәтижелері Университеттің келесі айтарлықтай мықты және осал жақтарын көрсетті:

Мықты жақтары

Университеттің мықты жақтарына ең алдымен оның тарихы (педагогикалық кадрларды даярлау ұстаханасы болып табылатын Қазақстандағы ең ескі жоғары оқу орны), сондай-ақ Университет қазіргі уақытта қол жеткізген негізгі көрсеткіштері (төменде көрсетілген).

Абай атындағы ҚазҰПУ – ірі білім, ғылым және мәдениет орталығы. Университет кең халықаралық байланыстар орнатқан, ол 11 беделді халықаралық ұйым мен қауымдастықтың ұжымдық мүшесі болып табылады. QS World University Ranking халықаралық рейтингінде 2017 жылы университет 491-ші орын алды. EЕСА (Emerging Europe&Central Asia) рейтингінде университет Еуропа мен Орта Азия 30 елінің 200 үздік университеті ішінде 91-ші орынға ие болды. Web of Science дерек қоры бойынша университет республиканың педагогикалық ЖОО-лары арасында импакт-факторы бар жарияланымдар саны бойынша 1-ші орында. ЖОО-лар мен білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингтерінде Абай атындағы ҚазҰПУ елдегі педагогикалық ЖОО-лар арасында үнемі жетекші орын алуда.

Университет 135 мамандық бойынша, солардың ішінде 52 бакалавриат, 53 магистратура және 30 PhD докторантура мамандығы бойынша даярлық жүргізеді. Бакалавриат пен магистратураның 13 мамандығы бойынша оқыту ағылшын тілінде жүргізілуде. 2014 жылы университет 5 жыл мерзіміне институционалды аккредитациядан өтті. Шетелдік және ұлттық аккредитациялау агенттіктерінде бакалавриат пен магистратураның 43 білім беру бағдарламасының аккредитациясы өткізілді.

Корпоративтік басқару жүйесі енгізілді. Байқау кеңесі құрылды. Университет негізінде ҚР БҒМ «Білім беру» мамандықтар тобы жөніндегі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жұмысын атқаруда.

2017/2018 оқу жылында білім алып жатқан контингенттің саны 6904 адамды құрайды. Білім беру гранттары бойынша күндізгі және сырттай оқу түрі бойынша – 2127 адам оқып жатыр, олардың ішінде педагогикалық мамандықтар бойынша – 2032 студент білім алуда. Жоғары оқу орнынан кейін білім алу бағдарламалары бойынша оқытындардың үлесі – 18,8%-ды құрайды, шетелдік студенттер контингенті жалпы санның 3,3 % құрайды. 2017/2018 оқу жылы университетте 56 PhD докторы және өңірлік педагогикалық ЖОО үшін кадрларды дайындау жөніндегі мақсатты бағдарламасы бойынша 17 магистрант білім алып жатыр.

5 қос дипломдық білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігі дамып келеді. 2017 жылы 305 магистрант және 33 докторант шетелдік ЖОО-да ғылыми машықтанудан өтті

Университетте педагогикалық білім мазмұнын жаңғыртуға үлкен көңіл бөлінеді. Мұғалімдерді оқытуға арналған 23 жаңа білім беру бағдарламасы енгізілді. Ағылшын тілінде білім беретін 4 оқу бағдарламасы әзірленіп, ҚР педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізілді.

2017.30.12 жай-күйі бойынша ПОҚ жалпы саны 759 адамды құрайды, солардың ішінде ғылыми дәрежелері мен атақтары бар – 485 адам, бұл ПОҚ жалпы санының 64%-н құрайды. Солардың ішінде –15 академик және Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті. Дәрістер оқу және ғылыми жобаларға қатысу үшін шетелдік оқытушылар мен ғалымдар шақырылады.

Университетте ғылымның басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Осылайша, 2017 жылы республикалық бюджеттен, сондай-ақ басқа да қаржы көздерінен 13 жоба қаржыландырылды. Ғылыми-инновациялық парк құрылды, оның құрамына 8 ғылыми орталық кіреді. Зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруға назар аударылады, тиісті бөлім құрылды. Зерттеу нәтижелері бойынша университет оқытушылары 2017 жылы 3194 ғылыми мақала шығарды, соның ішінде шетелдік журналдарда – импакт-факторы бар 112 мақала (Thomson Reuters шкаласы бойынша – 7 мақала, Scopus-72). 35 оқытушы мен ғалым Хирша индексіне ие. 18 ғылыми журнал шығарылады, солардың ішінде «Хабаршы/Вестник» журналының 8 сериясы ҚР БҒМ БҒСБК ұсынатын ғылыми басылымдар тізіліміне кірді. Жалпы журналдардың барлық сериялары Қазақстандық дәйексөз базасына енгізілген. Журналдар редколлегия құрамының 25-50%-ы – шетелдік ғалымдар. Оқытушылар инновациялық эзирлеулерге берілген 34 патент пен 217 авторлық куәлік иеленген. Еуразиялық патент алуға 3 өтінім берілді. Абай атындағы ҚазҰПУ-да докторлық диссертация қорғау бойынша 8 кеңес жұмыс істейді. Жас ғалымдар кеңесі сәтті жұмыс атқаруда, студенттер арасында ғылым дамып келе жатыр: 2017 жылы 182 білім алушы халықаралық республикалық олимпиадалар мен конкурстар жеңімпазы атанды.

Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру мақсатында «Рухани жаңғыру» жобалық бюросы құрылды.

Университетте халықаралық ғылыми және білім беру саласындағы ынтымақтастық табысты дамып келеді. Әлемнің 36 еліндегі университеттермен 180-нен аса халықаралық шарт/келісім, солардың ішінде әлем университеттерінің TOP-500 Академиялық рейтингіне кіретін университеттермен 20 шарт жасалды. Шетелде Абай атындағы 4 халықаралық білім беру орталығы (ҚХР, Вьетнам, Түркия) жұмыс істеп жатыр, олардың қызметі университеттің халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне енуіне, шетелдік университеттермен және ғылыми орталықтармен орнатылған тығыз ынтымақтастықты дамытуға, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың имидждік саясатын шетелде іске асыруға және ілгері бастыруға көмектеседі. Еразмус +, DAAD, GEKAVOC үйлестіретін 7 халықаралық ғылыми-білім беру жоба іске асырылуда.

Университеттің айтарлықтай кең инфрақұрылымы бар, оған 15 оқу корпусы, 5 студенттер жатақханасы, «Спартак» кешені мен стадион, дәрігерлік пункт, тамақтану орындары кіреді. Университеттің дәріс залдары, арнайы кабинеттері, компьютерлік сыныптары, лингафондық кабинеттері, 31 оқу зертханасы, шеберханалары бар. Университеттің кітапхана қорында 1 миллионнан аса кітап сақталуда. Университеттің интернетке қатынайтын ақпараттық-коммуникациялық корпоративтік желісі құрылды. Келесі мекенжай бойынша орналасқан университет порталы құрылды <http://www.kaznpu.kz> (IP 212.19.129.195):

«Өсу аурулары» және «Стратегиялық әлеует» зерттеулеріне сәйкес, Университеттің басқа да жағымды аспектілерін атап өтуге болады, бұл жалпы шолудан көрінеді:

- Университет басшылығының өзгерістер мен прогреске бейімделуі;
- Университет орналасқан жері;
- Әзірше елдегі ең ескі университеттің имиджі сақталған;
- Оқу, әкімшілік ғимараттар, спорттық құрылыстар мен студенттер жатақханалары түріндегі материалдық база;
- Жоғары кәсіби деңгейдегі оқытушылар мен әдіскерлер;

- Шетелдік серіктес жоғары оқу орындары көп;
- Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары мазмұнының жалғастырушылығы мен бірізділігі;
- Оқытушылардың, ғылыми кадрлардың, магистранттар мен докторанттардың академиялық мобильділігі;
- Мәдени және зияткерлік даму, салауатты өмір салтын қолдау үшін жағымды жағдайлар.

Осал жақтары

Мықты жақтарымен қатар, негізгі осал жақтары да анықталды:

- Нашар менеджмент (білікті басқарушылар өте аз);
- Университеттің дезинтеграциясы (қызметкерлер басқа бөлімшелер немен айналысатынын білмейді);
- Орындаушылық тәртіп пен бақылау жүйесі нашар (жоспарланған міндеттер орындалмайды);
- Стратегиялық болжамсыздық (қызметкерлер ұйымда болашақта не күтетінін білмейді, ал Университеттің жалпы нақты стратегиялық бағдары, арманы, барлық ұйымды еліктіретін қуаты жоқ);
- Сұралған топ-менеджерлердің пікірі бойынша, Университеттің ресурстар бойынша қиыншылықтары бар, солардың ішінде қаржы, материалдық қор, технологиялар мен кадрлар;
- Білім беру бағдарламаларының бәсекелестердің бағдарламаларынан еш ерекшелігі жоқ;
- Ұйымдық құрылым тұтынушыға арналған құндылықтың қалай құрылатынын нақты ашып көрсетпейді;
- Негізгі біліктілік жоқ;
- Бөлімшелердің өз жұмысын сапалы дәрежеде орындау үшін жеткілікті өкілеттіктері мен еркіндігі жоқ;
- Корпоративтік мәдениет нашар және конструктивті емес.

Саланың сыртқы ортасы мен болашақ бейнесі

Саланың сыртқы ортасына талдау жасау – макроортадағы басты трендтердің мазмұны мен динамикасы, нарық пен бәсекелестіктің дамуы – сала болашағы жөнінде құрылған бейненің негізі болып алынды. Бұл болжам өз тарапынан келесі стратегиялық мүмкіндіктерді, яғни осы мүмкіндіктерді пайдалану үшін Университет қандай болу керек екенін анықтауға көмектесті:

1. Цифрлық университет;
2. Инновациялық университет (басқару тұрғысынан);
3. Зерттеу мәні бойынша (ТАҚ-қа сәйкес);
4. Кәсіпкерлік университет (кең өкілеттіктер, бөлімшелердің дербестігі мен өзіне-өзі жеткіліктілігі);
5. Әлеуметтік жауапты университет;
6. Ашық университет (жұртшылыққа қолжетімді);
7. Ыңғайлы университет (инфрақұрылымы);
8. Мұғалімдер мен оқытушылардың білімін жетілдірудегі жетекші;
9. Шетелдік менеджерлер;
10. Мектеппен байланыс (Кіші академия және т.б.);
11. Үздік әлемдік тәжірибе негізіндегі білім беру бағдарламалары;
12. Білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингтері;
13. Білім беру бағдарламаларын халықаралық деңгейде аккредитациялау.

БАСТЫ МАҚСАТТАР

(2018-2025 жылдарға арналған)

1. **Контингент:** 2025 жылы білім алушылар саны кем дегенде **10000** болуы тиіс.
2. **Интернационалдандыру:** 2025 жылы педагогикалық мамандықтар бойынша шетелдік университеттермен бірлесіп енгізілген кемінде **15** қос дипломдық білім беру бағдарламасы болуы тиіс;
3. **Шетелдік студенттер контингенті** 2025 жылға дейін білім алушылардың жалпы санының кемінде 5%-н құруы тиіс.
4. **Рейтингі:** 2025 жылы QS World University Rankings рейтингінде 450-ші орын болуы тиіс.

Осылайша, 2025 жылы басты сандар келесідей болуы тиіс:

10000 – 15–5%– 450

1-ші бөлім ТҰТЫНУШЫҒА АРНАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ

КІРІСПЕ СӨЗ:

Тұтынушыға арналған құндылық (ТАҚ)– үш қосылғыш/атрибуттың жиыны:

1. Ұйым қанағаттандыра алатын мақсатты тұтынушының ерекше қажеттілігі;
2. Мақсатты тұтынушылар ерекше және қалаулы деп қабылдайтын құндылық;
3. Тұтынушылар неге ұйымнан сатып алады (оның жайғасымы).

Университеттің ТАҚ келесі түрде тұжырымдалған:

«Біз ең үздік әдістемелер мен бағдарламалар негізінде **XXI ғасыр педагогтарын** дайындаймыз.
Біздің түлектеріміз – заманауи мектеп оқушыларының тез өзгеріп тұратын қажеттіліктеріне **алдын ала дайын** кәсіпқойлар.
Біздің корпоративтік мәдениетіміз бен инфрақұрылымымыз студенттер **әлеуетінің** толық ашылуына қолайлы жағдай жасайды»

МАҚСАТТАР:

1.1-мақсат Жаңа ТАҚ-ты 100%-ға түсініп, қабылдауға қол жеткізу				
Жауапты: Бірінші проректор Мерзімі: 2018.01.09				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
1.1.1.	Қызметкерлер мен білім алушылар арасында ТАҚ-ты түсіндіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ӘД директоры	2018.15.06	
1.1.2.	Іс-шаралар жоспарының тұсаукесерін өткізу	ӘД директоры	2018.15.09	
1.1.3.	«XXI ғасыр мұғалімінің бейнесі» тұсаукесерін жасау	ОӘЖ жөніндегі проректор	2018.30.09	
1.1.4.	ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ТАҚ-ты түсінгені бойынша мониторинг жүргізу	СДжССД директоры	2018.15.12	
1.1-мақсат бойынша есеп беру:				

1.2-мақсат Ертеңгі күннің біліктіліктерін белгілеу және жыл сайын оларды өзекті қылып отыру				
Жауапты: Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Мерзімі: жыл сайын маусымда				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
1.2.1.	Ертеңгі күннің біліктіліктерін (ЕКБ) белгілеу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу: – педагогикалық білім берудің әлемдік трендтеріне жасалған талдау – мен үлгілі білім беру бағдарламаларына (ББ) жүргізілген мониторинг нәтижелерінің негізінде ЕКБ жүйесін сипаттау; – ЕКБ жүйесін әзірлеу, сынау, іске асыру және сараптамадан өткізу механизмін анықтау	ОӘЖ жөніндегі проректор	Жыл сайын, 20.06. 2019 жылдан бастап	
1.2.2.	Университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінде талқылау және бекіту үшін Іс-шаралар жоспарының тұсаукесерін өткізу	ОӘЖ жөніндегі проректор	Жыл сайын, 20.06. 2019 жылдан бастап	
1.2.3.	ПОҚ үшін ЕКБ моделінің тұсаукесерін өткізу	ОӘЖ жөніндегі проректор	2019 жылдан бастап жыл сайын, 20.06	
1.2.4.	ПОҚ арасында әзірленген критерийлер негізінде ЕКБ түсіну және қабылдау бойынша мониторинг жүргізу	ОӘЖ жөніндегі проректор	2019 жылдан бастап жыл сайын, 20.06	
1.2-мақсат бойынша есеп беру:				

1.3-мақсат Өзекті біліктілікке сәйкес келетін білім беру бағдарламаларының болуы				
Жауапты: Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Мерзімі: жыл сайын наурыз айында				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
1.3.1.	ББ-ның ЕКБ моделіне сәйкес келуін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу – ББ-ның ЕКБ-ға сәйкес келуін сынау, іске асыру және сараптамадан өткізу механизмін анықтау – оқу бітірушінің және жұмыс берушінің қанағаттандырылуын талдау негізінде ББ мазмұнын өзекті ету	ОӘЖ жөніндегі проректор	2019.10.09	
1.3.2.	ПОҚ үшін ЕКБ моделінің негізінде әзірленген ББ тұсаукесерін жүргізу	ОӘЖ жөніндегі проректор	2019.10.09	
1.3.3.	Оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілудің ЕКБ моделіне сәйкес келуіне мониторинг жүргізу	ОӘЖ жөніндегі проректор	2019.01.10	
1.3-мақсат бойынша есеп беру:				

1.4-мақсат Белсенді азаматтық ұстанымы мен патриоттық және рухани-адамгершілік қасиеттеріне ие болатын ХХІ ғасыр көшбасшысының жеке тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз ету				
Жауапты: Тәрбие жұмысы мен әлеуметтік даму жөнінде проректор Мерзімі: 2023 жыл				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
1.4.1.	Студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық және рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту бойынша Кешендік іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ТӘЖжЖСД директоры	2018.01.10	
1.4.2.	Жастарға арналған коворкинг орталық құру	ТӘЖжЖСД директоры	2018.31.10	
1.4.3.	«ХХІ ғасыр педагогы» зияткерлік клубын құру	ТӘЖжЖСД директоры	2019.10.10	

1.4-мақсат Белсенді азаматтық ұстанымы мен патриоттық және рухани-адамгершілік қасиеттеріне ие болатын ХХІ ғасыр көшбасшысының жеке тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз ету				
Жауапты: Тәрбие жұмысы мен әлеуметтік даму жөнінде проректор Мерзімі: 2023 жыл				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
1.4.4.	Студенттер және ПОҚ қатарынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған нөлдік төзімділікті қалыптастыру бойынша мониторинг топтарын құру	ТӘЖЖСД директоры	Жыл сайын, 30.10	
1.4-мақсат бойынша есеп беру:				

1.5-мақсат ХХІ ғасыр мұғалімінің өзекті етілген бейнесін алу				
Жауапты: Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Мерзімі: жыл сайын, қараша/желтоқсан				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
1.5.1.	ХХІ ғасыр мұғалімінің бейнесін өзекті ету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ОӘЖ жөніндегі проректор	2018.15.11	
1.5.2.	ХХІ ғасыр мұғалімінің өзекті етілген бейнесінің тұсаукесерін өткізу	ОӘЖ жөніндегі проректор	Жыл сайын, 20.11	
1.5.3.	ХХІ ғасыр мұғалімінің бейнесін өзекті ету бойынша іс-шараларды іске асыруға жүргізілген мониторингтің нәтижелері туралы есеп дайындау	ОӘЖ жөніндегі проректор	Жыл сайын, 15.12	
1.5-мақсат бойынша есеп беру:				

1.6-мақсат ТАҚ сәйкес келетін корпоративтік мәдениетті қалыптастыру				
Жауапты: Бірінші проректор Мерзімі: 2019 жыл				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
1.6.1.	Корпоративтік мәдениет кодексін әзірлеу және тұсаукесерін өткізу	ТЖжӘД жөніндегі проректор	12.02. 2019	
1.6.2.	Университет ұжымының мақсатты корпоративтік мәдениетін қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ТЖжӘД жөніндегі проректор	2019.28.02	
1.6.3.	Корпоративтік мәдениеттің негізгі ережелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу	ТЖжӘД жөніндегі проректор	2019ж.	
1.6-мақсат бойынша есеп беру:				

2-ші бөлім НЕГІЗГІ БІЛІКТІЛІК

КІРІСПЕ СӨЗ:

Университеттің Негізгі біліктілігі төмендегідей тұжырымдалған:

«Педагогика, оқыту әдістемесі, оқыту технологиясы саласында келешегі бар біліктілікті **анықтай білу** және сәйкес білім беру бағдарламаларын **әзірлей білу**»

МАҚСАТТАР:

2.1-мақсат Абай атындағы ҚазҰПУ Негізгі біліктілігін қалыптастыру				
Жауапты: Ғылыми жұмыс пен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор Мерзімі: 2019 жылғы 1 қыркүйек				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
2.1.1.	Білім берудің барлық жүйесі үшін педагогикалық кадрларды дайындау саласында келешегі бар трендтерді анықтау бойынша жұмыс тобын құру	ҒЖжХЫ жөніндегі проректор	2018.05.05	
2.1.2.	Университеттің Негізгі біліктілігінің тұсаукесері мен оны қалыптастыру жолдары бойынша талқылау өткізу	ҒЖжХЫ жөніндегі проректор	2018.20.06	
2.1.3.	Жұмыс берушілердің қатысуымен педагогтарды дайындауға арналған келешегі бар біліктілікті қамтитын білім беру бағдарламаларын әзірлеу	ОӘЖ жөніндегі проректор	2019.25.03	
2.1.4.	Педагогика саласындағы келешегі бар біліктіліктерге сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын РОӘК ОӘБ мәжілісінде бекіту	РОӘК ОӘБ ғылыми хатшысы	2019.30.06	
2.1.5.	Педагогика саласындағы келешегі бар біліктіліктерге сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын оқу процесіне енгізу	ОӘЖ жөніндегі проректор	2019 / 2020 оқу жылы	
2.1-мақсат бойынша есеп беру:				

2.2-мақсат Абай атындағы ҚазҰПУ бітірушісінің келешегі бар біліктілігін анықтай білу				
Жауапты: Ғылыми жұмыс пен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор Мерзімі: 2018 жылғы қараша / желтоқсан				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
2.2.1.	Болашақ педагогика саласында зерттеулер жүргізуге көңіл бөле отырып, жас ғалымдар үшін конкурс жариялау	ҒД директоры	2018.15.05	
2.2.2.	4.0 Индустриясы үшін педагогикалық кадрларды дайындау саласында форсайт-зерттеулер жүргізу бойынша ғалымдар арасында университет ішінде конкурс жариялау	ҒД директоры	2018.10.10	
2.2.3.	Педагогикалық зерттеулер бойынша әлемдегі 5 беделді орталықты анықтау	ҒД директоры	2018.20.12 дейін	
2.2.4.	Әлемдегі 5 беделді орталықпен ынтымақтастық орнату	ҒЖЖХЫ жөніндегі проректор	2019 ж. – 1 2020 ж. – 1 2021 ж. – 1 2022 ж. – 1 2024 – 1	
2.2.5.	Педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын іске асырудың желілік нысаны туралы серіктес жоғары оқу орындарымен бес шарт жасасу	ҒЖЖХЫ жөніндегі проректор	2018 ж. – 1 2019 ж. – 1 2023 ж. – 1 2025 ж. – 2	
2.2.6.	Білім беру мәселелері бойынша вебинарлар, бейнеконференциялар жүргізу	ҒД директоры	оқу жылы ішінде 4 рет	
2.2.7.	Жұмысқа орналастыру және тәжірибеден өту бойынша шарттарға қол қою	ОЖ жөніндегі проректор	жыл сайын, 31 желтоқсанда	
2.2-мақсат бойынша есеп беру:				

2.3-мақсат. ТМД-да педагогикалық зерттеулер саласында көшбасшы болу				
Жауапты: Ғылыми жұмыс пен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор Мерзімі: 2025 жыл				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
2.3.1.	«Көшбасшы» ұғымын белгілеу және «педагогикалық зерттеу саласындағы көшбасшыны» анықтау критерийлерін белгілеу	ҒД директоры	2018.10.11	
2.3.2.	Талдау жасап, ғылыми-педагогикалық мектептердің жағдайы, ПОҚ жариялау белсенділігі, ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру тиімділігі жөнінде баяндама дайындау	ҒД директоры	2019.25.01	
2.3.3.	2019-2025 жылдарға арналған келешегі бар педагогикалық зерттеулер объектілерін/бағыттарын белгілеу	ҒД директоры	Жыл сайын, 2018 жылғы қыркүйектен бастап	
2.3.4.	Талдау жасау және педагогикалық зерттеулер объектілерінің нақты жағдайы туралы баяндама жасау	ҒД директоры	2019.15.07	
2.3.5.	Зерттеулер нәтижелерін оқу процесіне енгізу механизмін әзірлеу	ОЖ жөніндегі проректор	Тұрақты түрде, нәтижелер алған сайын	
2.3.6.	Білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне және ғылыми шығармашылыққа ерте жұмылдыру механизмін әзірлеу	ҒД директоры	2018.25.09	
2.3.7.	Келешегі бар нарықтарға бағдар жасап, ғылыми және ғылыми-педагогикалық өнімді коммерцияландыру бойынша жол картасын бекіту	ҒД директоры	2019.15.09	
2.3.8.	Абай атындағы ҚазҰПУ-ды 2022 жылға дейін зерттеу университетіне өзгерту бағдарламасын дайындау	ҒД директоры	2019.10.05	
2.3-мақсат бойынша есеп беру:				

3-ші бөлім НАРЫҚ ПЕН САЛАҒА БОЛЖАМ ЖАСАУ

КІРІСПЕ СӨЗ:

Саланың ықтимал дамуын болжалдау бойынша ақылдылар сарабын жүргізу қажеттілігі негізінде келесі себептер жатыр:

1. *Өз тұтынушыларыңды білу қажет.* Дегенмен бизнес көбінесе өз тұтынушыларының шынайы тілектері мен мұқтаждықтарын білмейді, сондықтан ешбір қиындықтарсыз сатылатын, көздеген мақсатқа дәл тиетін ұсынысты қалыптастыра алмайды.
2. *Өз бәсекелестеріңді білу қажет.* Бірақ бұл білім әртүрлі қызметкерлерге тән болып, бірыңғай деректер базасында жиналмаған.
3. *Трендтерді білу қажет.* Жағдайға әсер ете алатын трендтердің (кез келген құбылыстың даму бағыттарының) алты түрін ажыратады – экономикалық, саяси, технологиялық, құқықтық, мәдени-әлеуметтік және экологиялық. Сондықтан осы трендтерді білу ертеңгі күнге дайын болуды білдіреді, және, керісінше, оларды білмеу ұйымның келешектегі қызметіне қауіп-қатер тудырады.
4. *Болашақты болжасай білу керек.*

Осылайша, Нарық пен салаға жасалатын талдаудың мақсаты – бұл:

1. Өз тұтынушыларың мен бәсекелестеріңді жақсырақ білу;
2. Өз салаңды дамыту факторлары ретінде негізгі трендтерді анықтау және сипаттау;
3. Ұйымға дәлірек стратегиялық бағдар беру үшін болашақты болжалдау.

МАҚСАТТАР:

Жасалған талдаудың нәтижесінде келесі мақсаттар анықталды:

3.1-мақсат. Әлемдік нарықта педагогикалық білім беру саласындағы беталыстар туралы жыл сайынғы баяндама дайындау				
Жауапты: Ғылыми жұмыс пен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор Мерзімі: жыл сайын, қараша/желтоқсан				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
3.1.1.	Баяндама әзірлеушілер тобын белгілеу	ҒЖжХЫ жөніндегі проректор	2018.28.06	
3.1.2.	Жұртшылықтың және педагогикалық білім беру саласындағы мамандардың үлкен қызығушылығын тудыратын бірқатар мәселелерді анықтау	ҒД директоры	2018.02.07	
3.1.3.	Білім беру беталыстарына контекстік және салыстырмалы талдау жасау	ҒД директоры	2018.20.08	
3.1.4.	Педагогикалық форсайт-зерттеулер бойынша материал дайындау	ҒД директоры	2018.20.08	
3.1.5.	Педагогикалық білім беру саласындағы беталыстар туралы жыл сайынғы баяндаманың құрылымы мен мазмұнын белгілеу	ҒД директоры	2018.15.07	
3.1.6.	Баяндаманы дайындау	ҒД директоры	2018.10.08	
3.1-мақсат бойынша есеп беру:				

3.2-мақсат Тұтынушылар артықшылықтарының өзгерістері бойынша жыл сайынғы болжам				
Жауапты: Оқу жұмысы жөніндегі проректор Мерзімі: жыл сайын қыркүйекте				
№	Міндеттері	Жауапты	Мерзімі	Мәртебесі
